

## Баянауыл ауданы Майқайың кенті Шөптікөл ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың кенті әкімінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 1-20/2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 сәуірде № 6802 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың кенті әкімінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 1-20/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың кенті әкімінің 17.08.2020 № 1-20/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Баянауыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 2-19/64 ұсынысы негізінде, Баянауыл ауданы Майқайың кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Баянауыл ауданы Майқайың кенті Шөптікөл ауылының аумағында ірі қара малдың құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Майқайың кентінің әкімі*

*Е. Молдатаев*